• Встановіть зовнішній кріпильний фланець на місце та затягніть кріпильний гвинт.
• Встановіть на місце пластиковий захисний кожух та затягніть два гвинти (R, Рис. 8).

5.2 Налаштування лазерного покажчика

• Лазерний покажчик (V, Рис. 9) необхідно налаштувати таким чином, аби промінь сполучився з лінією розпилу.
• Використовуйте гвинт (W) для налаштування.



Рис. 9

Увага!

• Клас лазерного прибору 2, не підставляйте очі під прямий вплив променя.

5.3 Налаштування обмежувача повороту

• Обмежувач повороту 90°-45°налаштований на заводі-виробнику.
• Змінити налаштування обмежувача можна за допомогою гвинта (X, Рис. 7).

5.4 Налаштування глибини пропилювання

• Глибина пропилювання може бути встановлена за допомогою гвинта (Q, Рис. 1).
• Це дозволяє проводити пиляння наполовину при обробці з пересуванням каретки.

Увага!

Після кожного налаштування, перед тим, як увімкнути верстат перевірте вільне обертання пиляльного диску.

6. Технічне обслуговування та перевірка

Загальна вказівка:

• Технічне обслуговування, чищення та ремонт дозволяється тільки на повністю відключеному від електромережі верстаті (витягніть вилку із розетки).
• Ремонт та технічне обслуговування електричної частини дозволяється проводити тільки кваліфікованому електрику.
• Ремонт лазерного прибору дозволяється тільки фахівцю у даній галузі.
• Щоденно перевіряйте роботу пристрою відводу пилу.
• Всі захисні та запобіжні пристрої повинні бути встановлені на місце одразу ж після проведеного чищення, ремонту та гарантійного обслуговування.
• Пошкоджені захисні застосування слід замінювати негайно.
• Замініть вкладень столу при зношуванні.

Чищення:

• Регулярно проводьте чистку верстата
• Регулярно проводьте чищення корпусу м`якою тканиною, переважно після кожного використання.
• Тримайте вентиляційні прорізи чистими.
• Якщо бруд не відходить, використовуйте м`яку тканину, змочену у мильній воді.
• Ніколи не використовуйте розчинники такі, як бензин, спирт, розчин хлорки та ін.
• Ці розчинники можуть пошкодити пластикові деталі.

Щітки двигуна:

• Колекторні щітки зношуються, може знадобитися їх заміна.
• Відключіть верстат від електромережі, висуньте вилку із розетки.
• Зніміть кришки щіток (A, Рис. 10).



Рис.10

• Замініть колекторні щітки. (Зверніться у сервісний центр. Потрібно 2 шт.).
• Під`єднайте кришки щітки.

Пиляльний диск:

• Використовуйте тільки гострі пилки.
• Використовуйте пиляльні диски з твердосплавною ріжучою пластиною та негативним переднім кутом.
• Забороняється використовувати диски для пиляння уздовж волокон або комбіновані пиляльні диски на цьому верстаті.
• При пилянні товстостінної заготовки, важливо використовувати диск з великою кількістю зубів, більш ніж 80.
• Пошкоджений пиляльний диск

замінюйте негайно.

- Обслуговування пиляльного диску слід проводити тільки навченій людині.

7. Усунення несправностей

Двигун не запускається:

- * Немає електроживлення – перевірте мережу та запобіжники.
- * Пошкоджений вимикач, двигун або шнур – зверніться до електрика.
- * Щітки двигуна зносилися – замініть щітки.

Лазер не працює

- * Лазерна розмітка або контакти пошкоджені – зверніться до електрика.

Сильні вібрації пилки

- * Пилка стоїть нерівно – встановіть верстат на рівну поверхню.
- * Пиляльний диск пошкоджений – негайно замініть пиляльний диск.

Розпил не перпендикулярний

- * Неправильно встановлена поворотна підпора
- * Неправильно встановлений упор заготовки.

Погана якість поверхні розпилу

- * Обраний непідходящий пиляльний диск
- * Пиляльний диск забруднений смолою.
- * Затупилися зуб`я пилки
- * Нерівномірна щільність заготовки.
- * Занадто високе зусилля подачі – не перенавантажуйте пилку.

8. Захист навколишнього середовища

- Захистіть навколишнє середовище
- Даний пристрій складається із цінних матеріалів, котрі можна переробити. Будь ласка, здайте їх у спеціалізовані пункти.

9. Приладдя, що постачається

- Повний асортимент приладдя дивіться на сайті www.jettools.ru або у каталозі.

Құрметті сатып алушы!

Сіздің бізге білдірген сеніміңізге және JET маркасының станогын сатып алғаныңызға үлкен рахмет!

- Осы нұсқаулық шеткі жақтары тікенді JSMS-8L арасының иелері мен қолданушыларына арналып құрастыру, жұмыс істеу және техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жасалынды.
- Өтінеміз, нұсқаулық пен қосымша құжаттардағы ақпаратты мұқият оқып түсініп алыңыз.
- Сатып алатын құрылғыны мейлінше ұзақ пайдаланылуы мен жоғары өнімділігі үшін нұсқаулықпен мұқият танысуға және оның ережелерін қатаң сақтауға кеңес береміз.

Мазмұны

1. Қауіпсіздік техникасы
- Дұрыс пайдалану
- Қауіпсіздіктің негізгі ережелері
- Басқа қауіп

2. Станоктың техникалық сипаттамасы
- Техникалық сипаттамалар
- Дыбыстық эмиссия
- Жеткізілетін жиынтық

3. Тасымалдау және іске қосу
- Тасымалдау және құрастыру
- Жинау
- Электр тоғына жалғау
- Іске қосу

4. Станокпен жұмыс істеу

5. Құру және баптау
- Аралау дискісін ауыстыру
- Лазерді баптау
- Бұрылыс тірегін реттеу
- Кесу тереңдігін реттеу

6. Техникалық қызмет көрсету және тексеру

7. Ақауларды жою

8. Қоршаған ортаны қорғау

9. Жеткізіп берілетін қосымша заттар

Нұсқауда маңызды мәліметке назар аудару үшін келесідей белгілер қолданылған:

Назар аударыңыз!
Қауіп туралы ескерту

Ескерту
Маңызды қосымша мәлімет

Жалпы ережелер
Барлық нұсқаулар мен ережелерді оқыңыз

1. Қауіпсіздік техникасы

1.1 Дұрыс пайдалану

- Станок тек қатты пластиктер мен орман өнімдерін және басқа да ағаш өнімдерін аралау үшін құрастырылған.
- Басқа материалдарды өңдеуге болмайды, немесе тек компания өкілдерімен кеңескеннен кейін ғана жүзеге асыруға болады.
- Металл дайындамаларды өңдеуге тыйым салынады.
- Дайындама қауіпсіз бекітілген және орнатылған болуы керек.
- Станокты дұрыс пайдалану үшін осы нұсқаулықтың ережелерін сақтау қажет.
- Станокты тек оның жұмысы, техникалық қызмет көрсетуі және мүмкін болар қауіп қатерлер туралы ескертілген тұлғалар қолдануға рұқсат етіледі.
- Станокты пайдалануға белгіленген жасқа толмаған тұлғалар жіберілмейді.
- Станокты тек техникалық дұрыс жағдайында қолданған жөн.
- Станокта жұмыс жасаған кезде барлық қорғаныс заттары мен қақпақтар бекітілуі керек.
- Осы нұсқаулықта қамтылған қауіпсіздік бойынша талаптар мен мемлекеттік ережелерге қосымша, ағаш өңдейтін станоктармен жұмысқа қатысты қабылданған жалпы ережелермен де танысқан жөн.
- Тауар талаптарға сай қолданылмаған жағдайда өндіруші жауапкершіліктен бас тартады және оны тек қана тұтынушыға береді.

1.2 Қауіпсіздіктің негізгі ережелері

- Ағаш кесетін станоктарды белгіленуі бойынша пайдаланбаса қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан келесі төменде жазылған ережелермен қатар, қауіпсіздік техникасының жалпы ережелерін сақтаған жөн.
- Станокты құру мен жұмыс істемес бұрын нұсқаулықтың мазмұнын оқып шығып, оны түсініп алыңыз.
- Нұсқаулықты ылғал мен лас жерден қорғалған жерде станоктың қасында сақтаңыз және келесі тұтынушыға беріңіз.
- Станокта қандай да бір өзгертулер жасауға тыйым салынады.
- Станокпен жұмыс жасамас бұрын күн сайын қорғаныш тетіктер мен олардың қызметін тексеріңіз. Одан басқа жағдайларда станокпен жұмыс істеуге тыйым салынады, оны электр желісінен суырып тастаңыз.
- Қозғалмалы қорғаныс қоршауларын ашық қалпында бекітпеңіз. Қозғалмалы қорғаныс қоршауларын еш кедергісіз еркін орын ауыстыратынына көз жеткізіңіз.
- Жеңдері кең киімдерді шешіп, шашыңызды жинаңыз.
- Жұмысты бастамас бұрын галстук, сақина, қолсағат және тағы басқа әшекейлерді шешіп қойыңыз, жеңді шынтақтан жоғары етіп түріңіз.
- Қауіпсіз аяқ киім киіңіз, шәркей мен жеңіл аяқ киім киюге тыйым салынады.
- Жұмыс істеген кезде әрдайым

- қорғаныс көзілдіріктерін
- құлақты сақтайтын және дыбысты оқшаулайтын құлақшындар
- респираторлар немесе шаң тозаңнан сақтайтын құрылғылар киіп алыңыз.

- Станокпен жұмыс істеу кезінде қолғап киюге тыйым салынады.
- Егер аралау дискісін қолға алу керек болса үнемі қолғап киіңіз.
- Станок тоқтау уақытының 10 секундтан артық болмауын қадағалаңыз.
- Аралау дискісін оны екі жағынан қысу және станокқа қысым түсіру арқылы тоқтатуға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
- Өңдеу кезінде цилиндрлік дайындама айналып кетпейтіндей боп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Ұстап тұру қиын болған дайындамалар үшін үстелдің ұзартылған бөлігін немесе қосымша сүйеніш қолданыңыз.
- Аралауды тек қана қолдармен жасауға тыйым салынады.
- Кертіктерді аралағанда абай болыңыз.
- Дайындамаларды ұстап тұрып аралауға сақтықпен бағыттаған жөн. Өте кіші өлшемдегі дайындаманы аралауға тыйым салынады.

- Қауіпсіздік техникасы бойынша осы станокта жұмыс істеу кезінде екі қолдың бірдей қатысуы керек, баспалдақты бұдыр жерде тұрып жұмыс істеуге болмайды.
- Станокты дайындаманы бекіту мен қауіпсіз жұмыс істеуге жеткілікті орын қалатындай етіп орнатыңыз.
- Станоктың жұмыс істеу аймағы жақсы жарықтанған болуы керек.
- Станок жабық тұрғынжайда қолдануға жобаланған және ол тегіс, берік және қатты бетке орнатылуы керек.
- Электр қоректендіру шнурының жұмыс пен адамдардың жүріп тұруына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Станок жанындағы еденді таза ұстаңыз, оның бетінде ешқандай қималар мен майлар болмауы керек.
- Қысылған немесе кесілген дайындамаларды тек қозғалтқыш сөніп тұрған кезде және станок толық тоқтағанда ғана алыңыз.
- Қозғалтқыштың желдету тесіктерінің ашық және тазалығына көз жеткізіңіз.
- Қырағы болыңыз!
- Өте мұқият болыңыз. Шектен шықпаңыз. Денеңіз эргономикалық қалыпта болсын. Әрдайым теңгерімді қалыпта тұрыңыз.
- Егер шаршасаңыз станокта жұмыс істемеңіз.
- Егер сіз ішімдік, наша, не дәрі қабылдаған болсаңыз станокта жұмыс істемеңіз. Дәрілердің сіздің мінез құлқыңызға әсер ететінін есте сақтаңыз.
- Жұмыс аймағынан балалар мен бөтен адамдарды алшақ ұстаңыз.
- Станок толық тоқтамаса немесе жұмыс істеп тұрса станоктың ішкі бөліктеріне қол тигізуге тыйым салынады.
- Жұмыс істеушіні станок операторының қарауынсыз қалдыруға тыйым салынады. Жұмыс орнынан кетпес бұрын құрылғыны сөндіріңіз.
- Станокты тұтанғыш сұйықтық пен газ жанында қолданбаңыз.
- Өрт туралы хабарлама мен өрт сөндіру әдістерімен танысыңыз, өрт сөндіргіш құралдың орны мен жұмыс істеу қағидаларын зерделеңіз.
- Станокты ылғалды ортада және жаңбырдың астында пайдаланбаңыз. Ағаш қиқымдары өрт төндіру қауіпі бар және денсаулыққа зиянын тигізуі мүмкін.
- Кейбір тропикалық ағаштардың немесе қатты ағаштың, мысалы, емен ағашының үгінділері канцерогенді заттар болып табылады. Әрқашан шаң жинау үшін тиісті құрылғыны қолданыңыз.
- Өңдеу алдында дайындамадан шегелер мен басқа да заттарды алып тастаңыз.
- Дайындаманың ең кіші және ең үлкен өлшемдері бойынша техникалық талаптарды сақтаған жөн.
- Станокқа қысым түсірмеңіз. Онда жұмыс істеу оның құрастырылған режимдерінде жүргізілсе өнімде әрі анағұрлым қауіпсіз болады.
- Станок толық тоқтамайынша ағаш қиқымдары мен дайындама бөліктерін алып тастамаңыз.
- Қорғаныс қоршаулары жоқ станокпен жұмыс істеуге тыйым салынады жарақаттанудың үлкен қаупі бар.
- Электр құрылғысын қосу және жөндеу тек білікті электриктермен жасалуы тиіс.
- Ұзартқыштарды толық тарқатып алу керек.
- Зақымдалған ұзартқышты дереу ауыстыру керек.
- Егер қосып сөндіргіштер ON/OFF (қосу/сөнд.) жұмыс істемей тұрса станокта жұмыс істеуге болмайды.
- Жұмыс істеп тұрған станокты қараусыз қалдыруға тыйым салынады. Жұмыс орнынан кетпес бұрын станокты электр желісінен ажыратыңыз.
- Тез кесетін болаттан (HSS) жасалған аралау дискілерін қолданбаңыз.
- Ақаулары бар аралау дискілерін дереу ауыстырған жөн.
- Өңделетін материалға лайықты аралау дискісін таңдаңыз.
- Тек қана станок өндірушісі ұсынатын аралау дискілерін пайдаланыңыз.
- Егер үстелдің ішпегі тозса, оны дереу ауыстырыңыз.
- Лазерлік сәуленің көзге түсуіне жол бермеңіз.
- Лазерлік сәулені адамдар мен жануарларға бағыттамаңыз. Жоғарғы кескіндегіш қабілеті бар материалдарда лазерлік белгілер жүргізуге тыйым салынады. Кескінделген сәуле де өте қауіпті.
- Лазерлік белгілерді тек қана осы саланың маманы жүргізгені жөн.

1.3 Басқа қауіп

- Станокты ережелерге сай қолданған күннің өзінде кейбір қауіптер сақталады.
- Жұмыс аймағындағы аралау дискісі зақым келтіруі мүмкін.
- Сынған аралау дискісі жарақаттауы мүмкін.
- Ұшып кеткен дайындама жарақаттауы мүмкін.
- Ағаш қиқымдары денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Міндетті түрде қорғаныс көзілдірігі, естуді қорғау құралдары, шаңнан қорғайтын тетіктер секілді жеке қорғаныс заттарын пайдаланыңыз.
- Шаңды сорудың сәйкес тәсілдерін пайдаланыңыз.
- Электр желісіне дұрыс қосылмау мен зақымдалған шнур ток соғу зардабына әкелуі мүмкін.
- Жерқосқыш беттеріне денені тигізбеңіз. (мысалы, сымдар, радиаторлар, тоңазытқыштар

2. Техникалық сипаттама

2.1 Сипаттамалар

Аралау дискісінің өлшемі	Ø216xØ30x2,8мм- 40T
Бос жүрістегі айналым сандары	5000 айн/мин.
Аралау дискісінің бұрылуы (солға/ оңға)	0°- 45°
Аралау дискісінің көлбеуі (солға)	0°- 45°
Араланған жердің ең үлкен тереңдігі 0°- 45°	305x62/215x30 мм
Тартылатын штуцердің диаметрі	Ø57мм
Габаритті өлшемдер (ШхДхВ)	685x820x560 мм
Салмағы	16,8 кг
Желінің кернеуі	220В ~1L/N 50-60 Гц
Қозғалтқыш күші	1500 Вт
Жұмыс тоғы	6,5 А
Ұзартқыш (H05VV-F)	2x1 мм^2
Сақтандырғыштар	10А
Құрылғының EN 61029	сәйкес қосарлы оқшауландыруы бар
Лазер классы 2	<1 мВт 400-700 нм
Трансформатордан лазердің қоректенуі	3 Вольт

Ескерту

- Осы нұсқаулықтың спецификациясы жалпы ақпарат болып табылады.
- Өндіруші станоктар құрылымына өзгерістер енгізуге құқылы, бұл оның техникалық сипаттамаларына, оның стандартты жиынтығына, қосымша заттары мен сыртқы түрінің өзгеруіне алып келеді.
- Құрылғыны баптау, реттеу, орнату және техникалық қызмет көрсетуді сатып алушы жүргізеді.

2.2 Дыбыстық эмиссия

(Тексеріс нақтылығы 4дБ)
Дыбыс күшінің деңгейі (EN ISO 3746сәйкес)
Бос жүрісте LwA 100.5 дБ(A)
Дыбыс қысымының деңгейі (EN ISO 11202 сәйкес)
Бос жүрісте LpA 87.7 дБ(A)

- Келтірілген мәндер шығатын дыбыс деңгейіне қатысты және қауіпсіз жұмыс істеу үшін қажетті болып табылмайды.
- Осы ақпарат операторға қауіпті төмендетуге мүмкіндік береді.

2.3 Жеткізілетін жиынтық

1 - Шеткі жақтары тікенді ара
2 - Үстелдің ұзартқышы
1 - Дайындамалар қысқышы
1 - Шаң жинайтын қап
1 - 24 Тісті аралау дискісі
1 - Ұзындықты өлшеу шкаласы

1 - Кілт 13 мм
Құрастыруға арналған құрал сайман
Пайдалану бойынша нұсқаулық
Бөлшектердің тізімі

2.4 Шетімен кесетін араның сипаттамасы



Сур. 1

B - Қосып сөндіретіні бар тұтқа
C - Аралау дискісінің қорғаныш қабы
D - Аралау бөлігін бекіткіш
E - Дайындама қысқышы
F - Бұрылудың бекіткіш тұтқасы
G - Ұзындықты шектегіш
H - Жұмыс үстелі
I - Дайындама тірегі
J - Аралау дискісі
K - Шаң жинайтын қап
L - Күймешенің орнын ауыстыруын бекіткіш
M - Лазерлік нұсқағыш
N - Көлбеудің бекіткіш тұтқасы
O - Үстелдің ұзартқышы
S - Негіздеме

Сур. 2
A - Лазердің қосып сөндіргіші (ҚОС/СӨНД.)
P - Бұғаттаудан босататын тетігі
T - Аралау тереңдігін баптау
R - Шпиндельді бұғаттау тетігі

3. Тасымалдау және іске қосу

3.1 Тасымалдау және орнату

- Станок жабық тұрғынжайда жұмыс істеуге арналған. Оны тегіс көлденең бетке орнату керек. Қажет болған жағдайда станокты бұрандамалармен сүйенішке бекітуге болады.
- Қаптама қолайлығы үшін станок бөлшектенген.

3.2 Құрастыру

- Тасымалдау кезінде қаптамадан алу кезінде зақымданған жері болса бұл туралы жеткізіп берушіге жедел хабарлаңыз. Станокта жумыс істемеңіз!
- Қаптамадан экологиялық тәсілмен құтылыңыз.
- Каррозияға қарсы құралмен, тазартқыш заттармен өңделген барлық беттерді тазартыңыз.

Үстелдің ұзартқышын орнату

- Үстелдің ұзартылған бөлігін (G) орнында винттермен (T, сур. 3) бекітіңіз.



Сур. 3

Шаңға арналған қапты орнату

- Қап (K, сур. 1) шаң жинауға арналған. Қапты станоктың артқы жағындағы штуцерге орнатуға болады.
- Шаң жинау үшін штуцерді сондай-ақ сору құрылғысына орнатуға болады.

Кескіш басты босату

- Ара бекітілген кескіш басымен қоса жеткізіледі. Араның басын босату үшін араның басын басып, (D, сур. 1) бекіткішті алып тастаңыз.
- Араның басы жайлап жоғары көтеріледі.
- Станокты тасымалдаған кезде араның басын бекітіп қойған жөн.

3.3 Электр желісіне қосу

- Электр желісіне қосу және кез-келген ұзартқыштар келесі ережелерге сай келетін болуы керек:
- Желінің кернеуі құрылғы тақтайшасындағы талаптарға сай болуы шарт.
- Ерігіш сақтандырғыштарды 10 А ға қосу керек.
- Тек H07RN-F маркалы желілік сымды қолданыңыз.
- Электр желісіне қосу және жөндеу жұмыстарын жүргізу тек білікті электрик мамандарға ғана рұқсат етіледі.

3.4 Іске қосу

- Станокты іске қосу үшін тұтқаның тетігін басу керек.
- Араны тоқтату үшін тетікті босату керек.

4. Станокта жұмыс істеу

Дұрыс жұмыс жағдайы:

- Станокқа қарама-қарсы аралау бағытында тұрған жөн.(4 сурет).



Сур. 4

- Дене жарақатын алмас үшін бетіңіз бен денеңізді аралау дискісінің бір жағынан, дайындама қиқимдары шашылатын аймақтан алыс ұстаңыз.
- Қол мен қол шынтағын аралау аймағының үстіне, жанына қоюға болмайды.
- Станокқа қол жеткізе алатындай орында тұруға тырыспаңыз, дұрыс мықты жерге тұрыңыз.
- Қысқа дайындамаларды кесуге тыйым салынады.
- Сіз қысқа дайындаманы дұрыс ұстап тұра алмайсыз.

Дайындаманы бекіту:

- Ұзын дайындаманы кескен кезде аунақшалы тірек бағаналарды қолданыңыз.
- Аралау барысында дайындама қысқыш арқылы тірекке жапсырылуы керек.
- Бекітілмеген дайындаманы аралауға тыйым салынады.
- Ойықшаларды өңдгенде сақ болыңыз.

Жұмыс бойынша тапсырмалар:

- Міндетті түрде қауіпсіздік нұсқаулығымен танысып, осы ережелерді сақтаңыз.
- Араның көлбеу бұрышы мен бұрылу бұрышын сәйкесінше бекітіңіз.
- Станокты электр желісіне қосыңыз (ашаны розеткаға жалғаңыз).
- Аралауды бастамас бұрын аралау дискісінің қорғаныс қабы өз орнында екеніне көз жеткізіңіз.
- Ара тұтқа саптың ішкі жағындағы тетікті басу арқылы іске қосылады. (B, сур. 2)
- Аралау дискісі дайындаманы кеспес бұрын ең үлкен айналыс мөлшерін алу керек.
- Орын ауыстырмай аралау (күймеше бұғатталған).
- Бекіткішті бір жаққа қарай (P, сур. 1) жылжытып, тұтқаның көмегімен жайлап және ақырындап кескіш басты басыңыз.
- Аралап болған соң аралау бөлігін өз орнына қайта келтіріңіз.

Орнын ауыстырып аралау

- Енді дайындамаларды аралау үшін күймешенің орнын ауыстыру керек.
- Күймешенің орнын ауыстыру бекіткішін босатыңыз (L, сур. 1).
- Аралау бөлігін өзіңізге тартыңыз.
- Бекіткішті бір жаққа қарай (P, сур. 2) жылжытып, тұтқаның көмегімен жайлап және ақырындап кескіш басты басыңыз.
- Аралау бөлігін асықпай ақырындап алдыға жылжытып, аралауды аяқтаңыз.
- Қозғалтқышты тоқтату үшін тетікті басыңыз.
- Аралап болған соң аралау бөлігін өз орнына қайта келтіріңіз.

Назар аударыңыз!

- Әр аралау операциясының алдында аралау дискісінің жағдайын тексеру қажет.
- Тек қана ақауы жоқ өткір дискімен жұмыс істеңіз.
- Өңделетін материалға сәйкес аралау дискісін таңдаңыз.
- Дайындама бекіткішін қолданыңыз (E, сур. 1)
- Дөңгелек дайындамаларды оларды аралау кезінде айналып кетуден сақтау үшін бекітіңіз.
- Ойықшаларды өңдеу кезінде абай болыңыз.

Лазерлік таңбалау:

- Лазерлік нұсқағыш дайындамадағы араланатын сызықты дәл көрсетуге мүмкіндік береді.
- Қажет болған жағдайда оны қосуға не сөндіріп қоюға болады. (A, сур. 2).

Назар аударыңыз!

- Жарық көрсеткішінің классы – 2! Көзіңізге сәуленің тікелей түспеуін қадағалаңыз.
- Тікелей лазердің сәулесіне қарамаңыз.
- Сәулені адамдарға не жануарларға бағыттамаңыз.
- Жарық қайтарғыш қабылеті жоғары материалдарда лазерлік таңбалауды қолданбаңыз. Шағылысқан сауле де қауіпті.

Майыстырылған дайындамаларды аралау.

- Қисық немесе майысқан дайындамалар аралау нүктесі дайындамаға арналған тірекке тіреліп тұратындай етіп орнатылуы керек. (сур. 5).



Сур. 5

- Төмендегі операция әлеуетті қауіпті (сур. 6).



Сур. 6

Көлбеу бойымен аралау:

- Көлбеу бұрышын 0°- 45° белгілеуге болады.



Сур. 7

- Станоктың артқы жағындағы бекітуші тұтқаны (N, сур. 7) сәл босату керек.
- Көлбеу шкаласының қажетті бұрышына жетпейінше кескіш басты сол жаққа иіңіз.
- Араламас бұрын кескіш басты

бекітетін тұтқамен тартыңыз.

Бұрыштың астынан аралау:

- Бұрылу бұрышын -46°- +46° келтіріп қоюға болады.
- Тірек сыртындағы үстелдің екі бекітуші тұтқасын босату керек.
- Үстел шкаласының көрсеткішіне сәйкес кескіш басты қажетті бұрышқа бұрыңыз.
- Үстелдің бекітуші тұтқасын тартыңыз.

Бұрыш астындағы құрамдастырылған аралау

- Бұрыш астында құрамдастырылған аралау үшін қажетті дайындама тірегі мен араның басының жағдайын таңдаңыз.

5. Бекіту және бапқа келтіру

Ескерту

Бекіту мен бапқа келтіру жұмыстарын тек станокты электр желісінен ажыратқан соң жасауға рұқсат беріледі. (ашаны розеткадан алып тастаңыз).

5.1 Аралау дискісін ауыстыру

- Аралау дискісі станоктың талаптарына сай болуы керек.
- Бекітпес бұрын аралау дискісінің ақауларын тексеріңіз (жарықтар, сынған тістер, батқан жерлері). Ақауы бар аралау дискісін қолданбаңыз.
- Аралау дискісінің тістері аралау бағыты бойынша орналасуы керек. (астына қарай)
- Қолыңызға кескіш құралды алған кезде әрдайым қолғап киіңіз.
- Аралау дикісін тек қана станокты электр желісінен алып тастағасын ауыстыруға болады. (ашаны розеткадан алып тастаңыз)!
- Жанындағы екі винтті (R) бұрап босату қорғаныс қабын ағыту (S) арқылы араның қорғаныс қабын (S, сур. 8) алып тастаңыз.



Сур. 8

- Аралау ернемегінің бұғаттау тетігін (R, сур. 3) басып, жиынтықтағы кілт көмегімен аралау дискісінің бекіткіш винтін босатыңыз (T).

Назар аударыңыз: левая резьба!

- Сыртқы бекіткіш ернемекті шешіңіз.
- Аралау дискісін ауыстырыңыз (J, сур. 1).
- Араның тістері қорғаныс қабындағы көрсеткіш тілдің бағытына қарай бағытталуы керек.
- Жаңа аралау дискісін орнатпас бұрын ернемектерді тазалаған жөн.
- Сыртқы бекіткіш ернемекті орнына бекітіп бекіткіш винтті тартыңыз.
- Пластикалық қорғаныс қаптамасын орнына орнатыңыз, сосын екі винтті бұрап тастаңыз (R, сур. 8).

5.2 Лазерлік нұсқағышты бапқа келтіру

- Лазерлік нұсқағышты (V, сур. 9) сәуле аралау сызығымен бір түзу бойында жататындай етіп баптау қажет.
- Баптау үшін бұранданы (W) пайдаланыңыз.



Сур. 9

Назар аударыңыз!

- Лазерлік құралдың классы – 2, көзіңізге сәуленің түспеуін қадағалаңыз.

5.3 Бұрылыс шектегішін бапқа келтіру

- Бұрылыс шектегіші 90-45 өндіруші зауытта бапқа келтірілген.
- Бұрылыс шектегішін винт көмегімен ауыстыруға болады. (X, сур. 7).

5.4 Аралау тереңідігін бапқа келтіру

- Аралау тереңдігі винт көмегімен бапқа келтіріле алады. (Q, сур. 1)
- Бұл күймешенің орнын ауыстыру кезінде аралауды жартылай жүргізуге мүмкіндік береді.

Назар аударыңыз!

Әр бапқа келтірген соң станокты іске қоспас бұрын аралау дискісінің еркін айналуын тексеріңіз.

6. Техникалық қызмет көрсету және тексеру

Жалпы ережелер:

- Техникалық қызмет көрсету, тазарту және жөндеу толық электр желісінен ажыратылған станокта ғана жүргізіледі. (ашаны розеткадан алып тастаңыз)
- Электр бөлігінің техникалық қызметі мен жөндеуін тек қана білікті электрик жүргізе алады.
- Лазерлік құралдың жөндеуін тек осы саланың маманы жүргізе алады.
- Шаңды болдырмау құрылғысын күнделікті тексеріп жүріңіз.
- Қорғаныс және сақтағыш құралдардың барлығы тазалау, жөндеу және кепіл қызметтеме жұмыстары жүргізілген соң бірден өз орындарына орнатылу керек.
- Зақымдалған қорғаныс құралдарын жедел ауыстыру керек.
- Үстелдің ішпегі тозған жағдайда ауыстырыңыз.

Тазарту:

- Станокты әрдайым тазалап тұрыңыз.
- Аралау корпусын жүйелі түрде жұмсақ матамен әр пайдаланған соң тазартып тұрыңыз.
- Желдету тіліктерін таза ұстаңыз.
- Егер кірі кетпесе сабынды суға суланған шүберекті пайдаланыңыз.
- Ешқашан бензин, спирт, хлор ерітіндісі секілді еріткіш заттарды қолданбаңыз. Бұл еріткіштер пластик бөліктерін зақымдауы мүмкін.

Қозғалтқыш қылшақтары:

- Коллекторлық қылшақтар тозуға бейім, оларды ауыстыру қажеттілігі тууы мүмкін.
- Станокты электр қоректендіргіштен ажыратыңыз, ашаны розеткадан алып тастаңыз
- Қылшақтардың қақпақтарын алып тастаңыз. (A, сур. 10).



Сур.10

- Коллекторлық қылшақтарды ауыстырыңыз. (Қызмет көрсету орталығына барыңыз. Екі данасы керек болады)
- Қылшақ қақпақтарын біріктіріңіз.

Аралау дискісі:

- Тек өткір аралар пайдаланыңыз.
- Қатты қорытпалы кескіш тілімшесі және теріс алдыңғы бұрышы бар аралау дискілерін қолданыңыз.
- Осы станокта құрамдастырылған аралау дискілерін немесе талшықтарды бойлай кему үшін дискілер қолдануға тыйым салынады.
- Жұқа қабырғалы дайындаманы кесу үшін көп тісті дискіні пайдаланған жөн, сексеннен артық.
- Зақымдалған аралау дискісін жедел ауыстырыңыз.
- Аралау дискісіне тек маманданған адам ғана қызмет көрсете алады.

7. Ақауларды жою

Қозғалтқыш іске қосылмайды

- Электр қоректендіргіш жоқ – желі мен сақтандырғыщтарды тексеріңіз.
- Сөндіргіш, қозғалтқыш не шнур зақымдалған – электриктің көмегіне жүгініңіз.
- Қозғалтқыш жөкелері тозды – оларды ауыстырңыз.

Лазер жұмыс істемейді.

- Лазерлік таңбалау немесе байланыстар зақымдалған – электриктің көмегіне жүгініңіз.

Араның қатты дірілдеуі

- Ара түзу тұрған жоқ – станокты тегіс бетке қойыңыз.
- Аралау дискісі зақымдалған – аралау дискісін жедел ауыстырыңыз.

Аралау тілігі перпендикуляр емес.

- Бұрылатын сүйеніш дұрыс бекітілмеген.
- Дайындаманың тірегі дұрыс бекітілмеген.

Аралау бетінің сапасы нашар.

- Тиісті аралау дискісі таңдалмаған.
- Аралау дискісі шайырмен ластанған.
- Ара тістері өтпей қалған.
- Дайындама тығыздығы біркелкі емес.
- Беру күші тым жоғары – араны тым жүктемеңіз

8. Қоршаған ортаны қорғау

Қоршаған ортаны қорғаңыз. Бұл құрылғы қайта өңделетін бағалы материалдардан тұрады. Өтінеміз, оларды арнайы пунктілерге тапсырыңыз.

9. Жеткізілетін заттар

Қажетті заттардың толық тізімін www.jettools.ru сайтынан немесе каталогынан қараңыз.

Деталировка JSMS-8L

Деталювання для торцювально-вусорізної пилки JSMS-8L / JSMS-8L шеткі жақтары тікенді ара бөлшектері



Деталировка для торцовочно-усовочной пилы JSMS-8L

Деталювання для торцювально-вусорізної пилки JSMS-8L / JSMS-8L шеткі жақтары тікенді ара бөлшектері



Перечень деталей для торцовочно-усовочной пилы JSMS-8L

Перелік деталей для торцювально-вусорізної пилки JSMS-8L
JSMS-8L шеткі жақтары тікенді араның бөлшектер тізімі

№	Артикул	Обозначение	Позначення	Белгі	Размер/ Розмір/ Көлемі	Кол-во/ Кількість/ Саны
1	JSMS8L-001	Болт	Болт	Бұрандама	M8X20-LH	1
2	JSMS8L-002	Шайба	Шайба	Тығырық	8	1
3	JSMS8L-003	Внешний фланец пилы	Зовнішній фланець пилки	Араның сыртқы ернемегі		1
4	JSMS8L-004	Пильный диск	Пиляльний диск	Аралау дискісі		1
5	JSMS8L-005	Внутренний фланец пилы	Внутрішній фланець пилки	Араның ішкі ернемегі		1
6	JSMS8L-006	Заглушка	Заглушка	Тығын		1
7	JSMS8L-007	Ролик	Ролик	Аунақша		1
8	JSMS8L-008	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x25	1
9	JSMS8L-009	Съемный кожух	Знімний кожух	Алмалы қаптама		1
10						
11						
12						
13	JSMS8L-013	Винт	Гвинт	Бұранда		1
14	JSMS8L-014	Пружина	Пружина	Серіппе		1
15	JSMS8L-015	Винт	Гвинт	Бұранда		1
16	JSMS8L-016	Прижимная планка	Притискна планка	Қысқыш тақтайша		1
17	JSMS8L-017	Контргайка	Контргайка	Кідіртпе сомын	M5	2
18	JSMS8L-018	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M5x12	4
19	JSMS8L-019	Опора подшипника	Опора підшипника	Мойынтірек тіреуіші		1
20	JSMS8L-020	Вал	Вал	Білік		1
21	JSMS8L-021	Шпонка	Шпонка	Кілтек	4x8	1
22	JSMS8L-022	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6001	1
23	JSMS8L-023	С-кольцо	С-кільце	С-шығыршық	28	1
24	JSMS8L-024	Втулка	Втулка	Төлке		1
25	JSMS8L-025	Шестерня	Шестерня	Тістегеріш		1
26	JSMS8L-026	С-кольцо	С- кільце	С-шығыршық	12	1
27	JSMS8L-027	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек		1
28	JSMS8L-028	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
29	JSMS8L-029	Гайка	Гайка	Сомын	M6	1
30	JSMS8L-030	Патрубок для отвода пыли	Патрубок для відводу пилу	Шаңға қарсы келте құбыр		1
31	JSMS8L-031	Шайба	Шайба	Тығырық	5	1
32	JSMS8L-032	Защитная пластина	Захисна пластина	Қорғаныс тілімшесі		1
33	JSMS8L-033	Шайба	Шайба	Тығырық	4	18
34	JSMS8L-034	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	4	7
35	JSMS8L-035	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x12	11
36	JSMS8L-036	Пружина	Пружина	Серіппе		1
37	JSMS8L-037	Винт	Гвинт	Бұранда		1
38	JSMS8L-038	Прижимная планка	Притискна планка	Қысқыш тақтайша		1
39	JSMS8L-039	Пылесборник	Збірник пилу	Шаң жинағыш		1
40	JSMS8L-040	Винт	Гвинт	Бұранда	ST2.9x9.5	2
41	JSMS8L-041	Гайка	Гайка	Сомын	M6	4
42	JSMS8L-042	Верхний защитный кожух пилы	Верхній захисний кожух пилки	Араның сыртқы қорғаныс қаптамасы		1
43	JSMS8L-043	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x46	1
44	JSMS8L-044	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M6x25	1
45	JSMS8L-045	Упор	Упор	Сүйеніш		1
46	JSMS8L-046	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M6x25	4
47	JSMS8L-047	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	6	4
48	JSMS8L-048	Шайба	Шайба	Тығырық	6	10
49	JSMS8L-049	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M6x20	1
50	JSMS8L-050	Ручка	Ручка	Тұтқасап		2
51	JSMS8L-051	Пружина	Пружина	Серіппе		1

52	JSMS8L-052	Втулка	Втулка	Төлке		1
53	JSMS8L-053	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
54	JSMS8L-054	Шайба	Шайба	Тығырық		1
55	JSMS8L-055	Пружина	Пружина	Серіппе		1
56	JSMS8L-056	Штифт	Штифт	Штифт	3x20	1
57	JSMS8L-057	Ось	Ось	Ось		1
58	JSMS8L-058	Вал	Вал	Білік		1
59	JSMS8L-059	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M4x8	2
60	JSMS8L-060	Ось	Ось	Ось		1
61	JSMS8L-061	Винт	Гвинт	Бұранда		1
62	JSMS8L-062	Шайба	Шайба	Тығырық	8	1
63	JSMS8L-063	Шайба	Шайба	Тығырық		1
64	JSMS8L-064	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M6x8	5
65	JSMS8L-065	Болт	Болт	Бұрандама	M6x30	1
66	JSMS8L-066	Фиксатор	Фіксатор	Бекіткіш		1
67	JSMS8L-067	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x8	6
68	JSMS8L-068	Опора	Опора	Сүйеніш		1
69	JSMS8L-069	Держатель	Держатель	Ұстағыш		1
70	JSMS8L-070	Винт	Гвинт	Бұранда		2
71	JSMS8L-071	Стержень	Стержень	Өзек		2
72	JSMS8L-072	Войлочное кольцо	Повстяне кільце	Киіз шығыршық		2
73	JSMS8L-073	Втулка подшипника	Втулка підшипник	Мойынтірек төлкесі		2
74	JSMS8L-074	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
75	JSMS8L-075	Пружина	Пружина	Серіппе		1
76	JSMS8L-076	Штифт	Штифт	Штифт	5x14	4
77	JSMS8L-077	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек		3
78	JSMS8L-078	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M4x10	1
79	JSMS8L-079	Держатель лазера	Утримувач лазера	Лазер ұстағышы		1
80	JSMS8L-080	Лазер	Лазер	Лазер		1
81	JSMS8L-081	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x12	2
82	JSMS8L-082	Защитное ограждение лазера	Захисна огорожа лазера	Лазердің қорғаныс қоршауы		1
83	JSMS8L-083	Пластина	Пластина	Тілімше		1
84	JSMS8L-084	Штифт	Штифт	Штифт		1
85						
86	JSMS8L-086	Ось	Ось	Ось		1
87	JSMS8L-087	Угловая шкала	Кутова шкала	Бұрыштық шкала		1
88	JSMS8L-088	Пластина	Пластина	Тілімше		1
89	JSMS8L-089	Крышка	Кришка	Қақпақша		1
90	JSMS8L-090	Винт	Гвинт	Бұранда		1
91	JSMS8L-091	Пружина	Пружина	Серіппе		1
92	JSMS8L-092	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
93	JSMS8L-093	Вал	Вал	Білік		1
94	JSMS8L-094	Шайба	Шайба	Тығырық	10	3
95	JSMS8L-095	Задняя крышка	Задня кришка	Артқы қақпағы		1
96	JSMS8L-096	Контргайка	Контргайка	Кідіртпе сомын	M10	1
97	JSMS8L-097	Шайба	Шайба	Тығырық	10	1
98	JSMS8L-098	Кронштейн	Кронштейн	Кронштейн		1
99	JSMS8L-099	Винт	Гвинт	Бұранда	M6x20	2
100	JSMS8L-100	Ограничитель длины - A	Обмежувач довжини - A	A – ұзындық шектегіші		1
101	JSMS8L-101	Контргайка	Контргайка	Кідіртпе сомын	M6	2
102	JSMS8L-102	Вал	Вал	Білік		4
103	JSMS8L-103	Упор	Упор	Сүйеніш		1
104	JSMS8L-104	Стальная С-шайба	Стальна С-шайба	Болат С-тығырығы		1
105	JSMS8L-105	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x12	4
106	JSMS8L-106	Пружинная шайба	Пружинна шайба	Серіппелі тығырық	5	4
107	JSMS8L-107	Пластина	Пластина	Тілімше		1
108	JSMS8L-108	Винт	Гвинт	Бұранда	M6x33	2
109	JSMS8L-109	Вал	Вал	Білік		1
110	JSMS8L-110	Шкала	Шкала	Шкала		1
111	JSMS8L-111	Заклепочный болт	Заклепувальний болт	Тойтарылатын бұрандама		2
112	JSMS8L-112	Направляющий упор	Направляючий упор	Бағыттаушы тіреуіш		1
113	JSMS8L-113	Болт	Болт	Бұрандама	M10x45	1

114	JSMS8L-114	Шкала	Шкала	Шкала		1
115	JSMS8L-115	Вкладыш рабочего стола	Вкладиш робочого столу	Жұмыс үстелінің ендірмесі		1
116	JSMS8L-116	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M4x12	5
117	JSMS8L-117	Рабочий стол	Робочий стіл	Жұмыс үстелі		1
118	JSMS8L-118	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
119	JSMS8L-119	Заглушка	Заглушка	Тығын		1
120	JSMS8L-120	Вал	Вал	Білік		1
121	JSMS8L-121	Зажим	Затискач	Қысқыш		1
122	JSMS8L-122	Пластина для фиксации стола	Пластина для фіксації столу	Үстелді бекітетін тілімше		1
123	JSMS8L-123	Шарик	Шарик	Шарик		1
124	JSMS8L-124	Пружина	Пружина	Серіппе		1
125	JSMS8L-125	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M10x10	1
126	JSMS8L-126	Ограничитель длины -B	Обмежувач довжини - B	B – ұзындық шектегіші		1
127	JSMS8L-127	Упор заготовки-A	Упор заготовки-A	A – дайындама тіреуіші		1
128	JSMS8L-128	Резиновая ножка	Гумова ніжка	Резеңке аяқша		4
129	JSMS8L-129	Основание	Основа	Негіздеме		1
130	JSMS8L-130	Шкала наклона	Шкала нахилу	Көлбеу шкаласы		1
131	JSMS8L-131	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
132	JSMS8L-132	Шайба	Шайба	Тығырық	10	1
133	JSMS8L-133	Контргайка	Контргайка	Кідіртпе сомын	M10	1
134	JSMS8L-134	Упор заготовки-B	Упор заготовки-B	B – дайындама тіреуіші		1
135	JSMS8L-135	Винт	Гвинт	Бұранда	ST4.2x13	5
136	JSMS8L-136	Винт	Гвинт	Бұранда		2
137	JSMS8L-137	Задняя ручка-A	Задня ручка-A	A – артқы тұтқасабы		1
138	JSMS8L-138	Задняя ручка-B	Задня ручка-B	B – артқы тұтқасабы		1
139	JSMS8L-139	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
140	JSMS8L-140	Прижимная пластина	Притискна пластина	Қысқыш тілімше		1
141	JSMS8L-141	Шайба	Шайба	Тығырық	4	1
142	JSMS8L-142	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x10	1
143	JSMS8L-143	Тяга	Тяга	Тартым		1
144	JSMS8L-144	Вал	Вал	Білік		1
145	JSMS8L-145	Ручка	Ручка	Тұтқасап		1
146	JSMS8L-146	Гайка	Гайка	Сомын	M6	1
147	JSMS8L-147	Штифт	Штифт	Штифт	3x12	1
148	JSMS8L-148	Гаечный ключ	Гайковий ключ	Сомын кілті		1
149	JSMS8L-149	Мешок для пыли	Мішок для пилу	Шаңға арналған қапшық		1
160	JSMS8L-160	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	608	1
161	JSMS8L-161	Поводок	Поводок	Жетектеме		1
162	JSMS8L-162	Защитная крышка	Захисна кришка	Қорғаныс қақпағы		1
163	JSMS8L-163	Ротор	Ротор	Ротор		1
164	JSMS8L-164	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x65	2
165	JSMS8L-165	Статор	Статор	Статор		1
166	JSMS8L-166	Подшипник	Підшипник	Мойынтірек	6000	1
167	JSMS8L-167	Резиновое кольцо	Гумове кільце	Резеңке сақина		1
168	JSMS8L-168	Винт	Гвинт	Бұранда	M4x30	2
169	JSMS8L-169	Винт	Гвинт	Бұранда	ST4.2x30	2
170	JSMS8L-170	Верхняя крышка ручки	Верхня кришка ручки	Тұтқаның жоғарғы қақпағы		1
171	JSMS8L-171	Трансформатор	Трансформатор	Трансформатор		1
172	JSMS8L-172	Клемма	Клема	Клемма		1
173	JSMS8L-173	Нижняя крышка ручки	Нижня кришка ручки	Тұтқаның төменгі қақпағы		1
174	JSMS8L-174	Манжета кабеля	Манжета кабелю	Кабель манжетасы		1
175	JSMS8L-175	Кабель	Кабель	Кабель		1
176	JSMS8L-176	Крышка держателя щетки	Кришка утримувача щітки	Қылшақ ұстағышының қақпағы		1
177	JSMS8L-177	Коллекторная щетка	Колекторна щітка	Коллекторлық қылшақ		1
178	JSMS8L-178	Держатель щетки	Утримувач щітки	Қылшақ ұстағышы		1
179	JSMS8L-179	Корпус электродвигателя	Корпус електродвигуна	Электрқозғалтқыш сырты		1
180	JSMS8L-180	Установочный винт	Установчий гвинт	Орнатқыш бұранда	M5x8	2
181	JSMS8L-181	Винт	Гвинт	Бұранда	M5x35	2
182	JSMS8L-182	Винт	Гвинт	Бұранда	ST4.2x13	14

183	JSMS8L-183	Задняя крышка электро-двигателя	Задня кришка електрод-вигуна	Электрқозғалтқыштың артқы қақпағы		1
184	JSMS8L-184	Конденсатор	Конденсатор	Конденсатор	0.33uF 275VAC	1
185	JSMS8L-185	Переключатель	Перемикач	Ауыстырып қосқыш		1
186	JSMS8L-186	Крышка переключателя	Кришка перемикача	Ауыстырып қосқыштың қақпағы		1
187	JSMS8L-187	Переключатель лазера	Перемикач лазера	Лазердің ауыстырып қосқышы		1
188	JSMS8L-188	Крышка поводка	Кришка повідця	Жетектеме қақпағы		1
189	JSMS8L-189	Штифт	Штифт	Штифт		2
190	JSMS8L-190	Зубчатая шайба	Зубчата шайба	Тісті тығырық		1
191	JSMS8L-191	Пластина	Пластина	Тілімше		1
192	JSMS8L-192	Пружина	Пружина	Серіппе		1
193	JSMS8L-193	Ось	Ось	Ось		1
194	JSMS8L-194	Кабель	Кабель	Кабель		2
195	JSMS8L-195	Кабель	Кабель	Кабель		2
196	JSMS8L-196	Кабель переключателя	Кабель перемикача	Ауыстырып қосқыштың кабелі		1
197	JSMS8L-197	Винт	Гвинт	Бұранда	ST3.9x12	3
198	JSMS8L-198	Зажим	Затискач	Қысқыш		1
199	JSMS8L-135	Кабель лазера	Кабель лазера	Лазер кабелі		1

Схема электрических соединений JSMS-8L

Схема електричних сполучень для торцювально-вусорізної пилки JSMS-8L
JSMS-8L шеткі жақтары тікенді арасына арналған электр жалғауларының сұлбасы

10000831M ……..…..~220В, 50/60 Гц



Для заметок

Для заміток / Ескертпелер үшін

JPW Tools AG
Tämperlistrasse 5, CH-8117
Fällanden, Switzerland